

**Облыстық балалар және жасөспірімдер
кітапханасы**

***Кітапқұмарлар
бәсекесі***

(6-7 сыныптарға арналған кітапханалық сабақ)

Өскемен-2016

Кітапханалық сабақтың мақсаты: оқушылардың кітап, оның шығу және қалыптасу тарихы туралы білетін мәліметтерін, ақпараттық, кітапханалық-библиографиялық білімдерін әрі қарай толықтыру, кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту және жазушылар жайлы кеңірек мағлұмат білулеріне ықпал ету.

Жүргізуші: Бүгінгі күнгі бәсекеге, яғни «кітапқұмар» атағын жеңіп алу сайысына түсу үшін 6-7 сынып оқушылары келіп отыр. Бәсекенің шарты бойынша сұраққа жауап бере алмаған әлсіздер әр белес сайын сайыстан шығып отырады, ең соңында мықты сайыскер қалады.

Бәсекеге қатысушылар өздерін таныстырады.

1-белес. Әр қатысушыға кітап және оның тарихы туралы екі сұрақтан беріледі.

Сұрақтар:

1. Кітаптардың алғашқы түрлері қай жерлерде пайда болған? (Мысырда, Шығыс елдерінде, Грецияда, Римде)
2. Жазу қайда жазылған және жазуға қандай заттарды пайдаланған? (қыш текшелерге, тақта тастарға сына жазуымен, папирус)
3. Қамысқа кітап жазу қай елде, қай ғасырда пайда болды? (б.з.д. 7-ғ., Грецияда)
4. Кітап қай ғасырда дүниеге келді? (б.з. 1-ғасырында)

5. Қағазды кім, қашан ойлап тапты? (105 ж. Қытай шебері Цай Лун)
6. Баспа қалыбын қай уақытта, кім ойлап тапты? (15-ғ-да неміс өнертапқышы Иоганн Гутенберг)
7. Ежелгі Қазақстанда жазу қалай пайда болды және қалай аталды? (Жартастарда, үнгірлерде, ыдыстарда. Оларды «петроглифтер» деп атаған)
8. Шығыс Қазақстанның қай өңірінен «петроглифтер» табылды. (Ұлан ауданы Бестерек ауылы маңайынан)
9. Әліп-биді кім ойлап тапқан? (ағайынды Кирилл мен Мефодий)
10. Әліп-би қалай деп аталған? (кириллица)
11. Қазақ әліпбиінің негізін қалаушы кім? (А. Байтұрсынов)
12. Ежелгі кітапханаларды ата (Грозный, Александрия, Македонский, Ярослав Мудрый, храм және монастырь кітапханалары)
13. Қазақстандағы ежелгі кітапхананы ата (Отырар кітапханасы)
14. ҚР Ұлттық кітапханасы қай жылы ашылды? (1931 ж.)
15. Өскеменде қай жылы алғашқы кітапхана ашылды? Ол қазіргі қай кітапхана? (1896 ж. 20 наурызда айдауда болған Михаэлис, Костюрин, Федоровтардың бастамасымен қоғамдық кітапхана ашылды. Бүгінде ол облыстық Пушкин атындағы кітапхана).

Екінші белес.

Бұл белесте оқушылар ақын-жазушылар жайлы мәліметтерді білуге тиісті. **Сұрақтар:**

1. Фамилиялары бірдей қандай қазақ ақын-жазушыларын, қоғам қайраткерлерін білесің? (Тұманбай Молдағалиев-Жұбан Молдағалиев- Жайсаңбек Молдағалиев; Қасым Аманжолов – Сәрсен Аманжолов; Асқар Сүлейменов – Олжас Сүлейменов; Мұхтар Шаханов – Берік Шаханов)
2. Аттары бірдей қандай жазушы, ақындарды білесің? (Мұхтар Әуезов – Мұхтар Шаханов – Мұхтар Мағауин; Сәбит Мұқанов – Сәбит Досанов – Сәбит Дөнентаев)
3. Ең көп шығарма жазып қалдырған қандай жазушыларды білесің? (М.Әуезов 50 томдық, Ә. Кекілбаев 12 томдық, Қ. Жұмаділов, Ғ. Мүсірепов)
4. Шығыс Қазақстанның ақын-жазушыларын ата (О. Бөкей, Д. Әшімханов, Қ. Ысқақ, К. Сегізбаев, Асқар Егеубаев, С. Ғабдуллин, Мүсілім Құмарбеков, Ә. Асқаров, Г. Салықбаева, Қ. Қайсенов, Ұ. Есдәулетов, Ғ. Байбатыров, Ә. Қаңтарбаев, Ғ. Қабышев, М. Қабанбаев т.б.)
5. Шығыс Қазақстан туралы шығарма жазған авторлар (О. Бөкей, Асқар Алтай, Серік Байхон, М. Құмарбеков, Меңғали Мусин, Елтай Елғон, А. Қасымұлы т.б.)

6. Балаларға арнап жазатын жазушылар (Б. Соқпақбаев, М. Қабанбаев, Ө. Тұрманжанов, Машқар Гумеров, Таупық Рымжанов, Мұхтар Құрманалин, Тынымбай Нұрмағамбетов т.б.)
7. Шығыс Қазақстандық балалар жазушыларын білесің бе? (Марат Қабанбаев, Т. Рымжанов, Бәдел Тұрсынбаев)
8. «Менің атым Қожа» фильмі қай жазушының шығармасы бойынша түсірілген? (Б. Соқпақбаев)
9. М. Әуезовтың қандай шығармалары бойынша кинофильмдер түсірілген? («Қараш-Қараш», «Көксерек»)

Үшіші белес.

Бұл белесте кітаптың құрылысы жайлы сұрақтар болады.

Сұрақтар:

1. Кітап қай элементтен басталады? (Мұқаба)
2. Форзац дегеніміз не? (немістің Vorsatz – мәтіннің алды деген сөзінен алынған, мұқаба мен кітаптың негізгі бөлімін қосатын және бекітетін қос бет, кейде форзацта карта, сызба, ережелер, кестелер, формулалар т.б. беріледі)
3. Фронтиспис дегеніміз не? (фронтиспис - титул беттің сол жағындағы суретті

(автордың портреті немесе жалпы сипатты сурет болуы мүмкін) бет).

4. Титул бет арқылы не білуге болады? (Кітаптың авторы, кітаптың аты, баспасы, шыққан жылы т. б. сияқты негізгі деректер)
5. Кітаптың аннотациясы арқылы нені білуге болады? (Кітаптың қысқаша мазмұны)
6. Кітапханада оқырман туралы мәліметті, оның қандай кітап алғанын қайдан білеміз? (Оқырман формулярынан)
7. Кітапхананың қай бөлімінде кітап үйге беріледі? (Абонемент)
8. Кітап безендірілген суреттер, фотосуреттер, кестелер, сызбалар, карталар қалай аталады? (Иллюстрация)

Төртінші белес. Кітап, білім, жазу жайлы мақал-мәтелдер жарысы

1. Оқу - білім бұлағы,
Білім - өмір шырағы.
2. Оқу – білім азығы.
Білім – ырыс қазығы.
3. Білімнің басы – еңбек, соңы – зейнет.
4. Оқығаныңды айтпа, тоқығаныңды айт.
5. Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні кәріп.
6. Өнер ағып жатқан бұлақ, білім жанып жатқан шырақ.
7. Кітап - алтын қазына.

8. Күш білімде, білім кітапта.
9. Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ.
10. Оқу – білім бұлағы, білім - өмір шырағы.
11. Кітап-ғылым – тілсіз мұғалім.
12. Кісінің көркі киім емес- білім.
13. Білім инемен құдық қазғандай.
14. Білегіңе сенбе, біліміңе сен.
15. Ақыл тозбайтын тон, білім таусылмайтын көл.
16. Кітап – көзі жұмыққа арзан, көзі ашыққа маржан.
17. Оқи берсең көзің ашылады, отыра берсең жалқаулық басынады.
18. Білегі күшті бірді жығар, білімі күшті мыңды жығар.
19. Білім таппай мақтанба, өнер таппай баптанба.
20. Қына тасқа бітеді, білім басқа бітеді.

Бесінші белес. «Ирбис» бағдарламасы бойынша мәліметтер қорынан іздеу.

Бұл белесте қатысушылар электрондық каталогтан берілген тапсырманы орындап өзіне қажетті ақпаратты тез табуы қажет.

1. Кітаптың авторы белгісіз болғанда, қалай іздеп табасың

Мысал келтіру: «Дамыған қаржылық есеп» оқулығының авторын тап. (Төлешова Г. Қ.)
«Мемлекет және құқық теориясы» оқулығы (Сапарғалиев Ғ. С., Ибраева А. С.)

«Халық қазынасының айнасы»
(Шардарбеков Д.)
«Қобыз сарыны» (Мағауин М.)
«Ән-жырым саған, туған жер» (Қоразбаев А.)

2. Белгілі бір тұлға туралы мағлұмат іздеу.

- А) Әуезов М.
- Б) Майлин Б.
- В) Бөкеев О.
- Г) Құнанбаев А.
- Д) Ысқақов Қ.
- Е) Қастеев Ә.

3. Белгілі бір тақырыпқа байланысты мағлұматтар іздеу

Мысалы: Қазақстан экономикасы

Қазақ халқының әдет-ғұрпы

XX ғасырдағы қазақ әдебиеті

Қазақ халқының ауыз әдебиеті

Кітап тарихы

Мақал-мәтелдер

Сабак соңында әділқазылар алқасы жеңімпазды анықтайды. Қатысушыларға алғысын айтқан жүргізуші сөзінен кейін, «Кітапқұмар» атағын жеңіп алған қатысушыны құттықтап, сыйлық беріледі.